

Бекітілді:

№41 «Назерке» МКҚК бөбекжай- \

балабақшасының меңгерушісі:

А.Г.Уртамбаева

«  » 2024 ЖЫЛ



Ата-аналармен жұмыс

№2 «Айгөлек» мектепалды тобы

2024-2025 оқу жылы

Тәрбиешілер: Ж.Ж.Исмагулова

А.Б.Қиялова

Ақтөбе қаласы

Бекітілді:
 №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасының
 меңгерушісі  Уртаубаева А.Г.
 2024-2025 оқу жылы



Ата-аналармен жұмыс жоспары
 №2 «Айгөлек» мектепалды тобы

№	Іс-шаралар атауы	Өткізу нысаны	Орындау мерзімдері	Жауапты орындаушылар
1	1. «Отбасы және балабақша» слайд-призентация 2. «Балалардың жас ерекшелігіне сипаттама» 3. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасымен таныстыру. 4. «Үйдегі бала өмірінің қауіпсіздігі» 5.«Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Кітапшен жарқын әлемге» 5. Ата-аналар алқасын сайлау 6. «Әлеуметтік карта»	Жиналыс Баяндама Дөңгелек үстел Баяндама Акция Сауалнама	қыркүйек	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері, әдіскері, ата-аналар Психолог
2	1. «Қарттарым-асыл қазынам!» 2 «Қамқор» жобасы Қоғамға қызмет ету - волонтерлік қызмет 3.«Еңбегі адал – жас өрен» жобасы «Күзгі асар» бірлескен жұмыстар. 4.«Қазақстан- Республикам менің!» 5.Жұқпалы аурулардың алдын алу «Тұмау ауруы», «Желпешек»	Қабырға газеті Ата-аналар қауымы Жәрмеңке Мерекелік Кеңес	қазан	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері, әдіскері, ата-аналар Медбике
3	1.«Бағдаршам және біз» 2.«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» 3.«Педикулез», «Қышпыма», «Дерматикоз» 4.«Сіз қандай ата-анасыз?»	Сюжетті-рөлдік, драмалау. Ойын-сауық Кеңес Сауалнама	қараша	Топ тәрбиешілері Дене шынықтыру нұсқаушысы Медбике Психолог
4	1.«Зерек бала, ақылды ана!» 2.«Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясында «Шырша ойыншықтары» Тәрбиеленушілер қалдық және табиғи материалдарды пайдалана отырып ата-аналар мен бірге жасаған қолөнер бұйымдарын жасау. 3.«Балаңыз балабақшаға барса...»	Зияткерлік ойын Жәрмеңке Көрме Кеңес	желтоқсан	Топ тәрбиешілері Мектепке дейінгі ұйым басшысы, әдіскері, педагогтері, парауашылық меңгерушісі. Психолог
5	1.«Жаңа жылдық қиял» әр түрлі материалдардан жасалған жұмыстар. 2.«Қамқор» жобасы аясында «Біз табиғат қорғаушылармыз!» 3.«Қыста, құстарды тамақтандырайық» (жемсауыт жасау) Әкелер мектебі. 3.Отбасында балаға деген ата-ананың қарым -қатынасы қандай?	Көрме Танымдық, эксперименталдық іс-әрекет Челлендж Сауалнама	қаңтар	Топ тәрбиешілері Әкелер. Психолог

6	<p>1. «Ізденімпаз бүлдіршін» өнер тапқыштыққа алғашқы қадам</p> <p>2. Ұлттық ойындар</p> <p>3. «Жаңа өмір сыйлайық!» Қалдық заттардан жасалған қол өнер бұйымдары.</p>	<p>Танымдық, эксперименталдық іс-әрекет</p> <p>Ойын-сауық</p> <p>Көрме</p>	ақпан	Топ тәрбиешілері
7	<p>1. «Ізгіліктің бір ізі- алғыс» (тәрбиеленушілердің, олардың ата – аналарының және педагогтердің қатысуымен)</p> <p>2. «Ұлттық мәдениет- ұлттық киімдер»</p> <p>3.«Наурыз, той-думан!»</p> <p>5. «Қамқор» жобасы аясында «Су- өмір көзі» бейне роликтер. Экологиялық акция.</p>	<p>Челлендж</p> <p>Челлендж</p> <p>Мерекелік Байқау</p>	наурыз	Мектепке дейінгі ұйым педагогтері, ата-аналары, әдіскері, әкелер мектебі.
8	<p>1 «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Шын жүректен кітап сыйла» Халықаралық балалар кітабы күні.</p> <p>2. «Әжемнің ғажайып ертегілері»</p> <p>4.«Құстарға ұя сыйлаймыз!», «Экологиялық фотобейнелер»</p>	<p>Челлендж</p> <p>Жобалау іс-әрекеті Акция</p>	сәуір	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері, ата-аналар, әжелер аталар, әкелер мектебі.
9	<p>1.«Не үйрендік, не білдік? Балалардың даму деңгейіне есеп беру.</p> <p>2.«Достықтың кілті бірлікте!»</p> <p>3. «Шебер әке» қолөнер байқауы.</p> <p>4. «Батыл сарбаздар!»</p> <p>5. «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!»</p> <p>6. Отбасында баланы мектепке дайындауда ата-ананың атқаратын рөлі</p>	<p>Дөңгелек үстел</p> <p>Сурет көрмесі Байқау</p> <p>Мерекелік Акция</p> <p>Зерттеу. Кеңес</p>	мамыр	Мектепке дейінгі ұйым, музыка жетекшісі, тәрбиешілері, тәрбиеленушілер, ата-аналар Психолог

Ата – анамен жүргізілетін жұмыс түрлері

- * Топ ішілік ата - аналар жиналысы;
- Балабақша ішілік ата – аналар жиналысы;
- Ата – аналармен жеке кездесу;
- Ата – аналар үшін ашық есік күні;
- Мерекелік кештерге шақыру;
- Ата – аналарды тренинг ойындарға қатыстыру;
- Отбасылық спорттық жарыстарға қатыстыру;
- «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша іс-шаралар, жұмыстар, сайыстар т.б.

Негізгі міндеттері :

- * Тәрбиешінің топ ата - аналарымен жақсы қарым - қатынас орнату;
- * Ата – аналармен тұрақты байланыс орнату;
- * Ата – аналар ұжымын құру;
- * Ата - аналардың педагогикалық білім дәрежесі мен мәдениетін үнемі арттырып отыру;
- * Үштік одақ «Тұтас бала бейнесі» (бала, ата – ана, тәрбиеші) жұмысын жандандыру;

Ата-аналар алқасы:

Ата-аналар алқасының төрайымы:

1. Алдабергенова Айгуль Ерболатовна

Ата-аналар алқасының мүшелері:

1. Есқалиева Гүлбарам Ибрахимқызы
2. Бақытова Жанна Алтынбекқызы
3. Жақсығали Меруерт Мәлікқызы

№ 41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы МКҚК

Баяндама: «Балалардың жас ерекшелігіне сипаттама»

№ 2 «Айгөлек» мектепалды тобы
2024 – 2025 оқу жылы

Тәрбиешілер: Ж.Ж.Исмагулова
А.Б.Қиялова

Ақтөбе қаласы

БАЛАЛАРДЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІГІНЕ СИПАТТАМА

Алты жаста балалардың дамуында елеулі өзгерістер болады. Бала денесінің салмағы шамамен айына 200 г, бойының ұзындығы 0,5 см артады. 5-6 жасында баланың бойы - 116 см, денесінің салмағы - 21,5 кг жетіп, кеуде қуысының көлемі 67 см жетеді.

Баланың мінез-құлық әрекетін реттеуде бас ми қыртысының рөлі артады. Жоғары жүйке жүйесінің қызметі жетіледі. Балалардың қимыл белсенділігі артып, негізгі қимыл әрекеттерін жетік меңгереді. 6 жастағы балалардың қозғалысы, көбінесе, жігерлі, әрі нақты болып, әсемдік пен жеңілдікке ие болады. Балалар жүгіріп келіп биіктік пен ұзындыққа тоқтамай секіруді, нысананы көздеп заттарды дәл лақтыруды сенімді орындайды. Олар допты бір қолымен қағып ала алады, бір орында тұрып, аяқтарын кезектестіріп секіре алады.

Алты жаста саусақ қимылдарының жетілгендігі соншалық, бала өздігінен қағаздан түрлі пішіндерді (дөңгелек, сопақша, тіктөртбұрыш т.б.) қия алады, адам мен жануарлар мүсіндерін жасап, қарындашпен, бояумен еркін сурет сала алады.

Мектепке дейінгі ересек жас баланың психикалық дамуында елеулі өзгерістермен сипатталады.

5-6 жастағы баланың әлеуметтік даму ситуациясы ересектермен қарым-қатынас жасаудың ситуациядан тыс-жеке тұлғалық түрінің пайда болуымен ерекшеленеді. Дамудың алдыңғы кезеңінде қатынас мазмұны ситуациядан тыс болады, яғни сол ситуация шеңберінен шығады, теориялық болады. Ересек адам алты жастағы бала үшін білім көзі болып қана қоймай, сонымен қатар әлеуметтік қарым-қатынастардың, адамның іс-әрекетінің мәні мен нормалары жөніндегі білім көзі де болып табылады. Бала қарым-қатынас, моральдық нормалар жайлы сұрақтар қоя бастайды. Бұл жастағы бала өз күйзелісін, пікірі мен бағалауды ересектердің пікірімен ара салмағын анықтай алады. Мұндай қатынастың басты себебі – өзара түсіністік пен әсерлену.

Бұл кезеңде баланың айналаны танып-білуге құштарлығы артқаны соншалық, ол ересектерге қоршаған әлем туралы өзін қызықтырған сан алуан сұрақтар қоя алады. Ересек адам бала үшін жаңа білім көзі, күмәнденудің шешімін табатын эрудит болады.

Егер 4-5 жастағы балалар ересектермен жан-жануарлар, машиналар, табиғат құбылыстары жайлы әңгімелессе, ал мектепке дейінгі ересек жастағы балалар мінез-құлық мәдениеті ережелері, өзі және ата-аналары жайлы әңгімелескісі келеді. Тұлғалық мотив жетекші мотивке айналады. Қатынас жасаудың негізгі қозғаушы күші, нақты атқаратын қызметіне қарамастан, адам болып саналады.

Бес жастағы кезең мектеп жасына дейінгі баланың құрбы-құрдастарымен (бұл, әсіресе, балабақшаға баратын балаларға тән) түрлі қарым-қатынасының бір мезгілде байқалуымен сипатталады. Ересектерге қарағанда құрдастары бала өмірінде ерекше орынға ие болады. Қарым-қатынастың негізгі мазмұны

іскерлік ынтымақтастық пен біріккен ойын әрекеті арқылы ашылады. Балалардың қарым-қатынасы, әсіресе, ұйымдастырылған оқу немесе ойын іс-әрекеті үстінде айқын көрінеді. Бала құрдастарының әрекетіне сынай қарап, іштей қызғанады, оларды өзінше бағалайды және ересектердің бағалауын өзіндік әсермен қабылдайды. Кейбір жағдайда құрдасының сәтсіздіктеріне бірге қамығады. Бірақ мұндай қатынас тұрақты бола бермейді. Ол өз мүмкіншіліктері мен жетістігіне мақтанып, өзін басқадан биік ұстайды, өзгені қызғанады, оны өзіне бәсекелес санайды. Қарым-қатынасында жиі жанжалдасып қалу сипат алады. Бізақорлық пен қымсыну сезімінің пайда болуы әсерінен қарым-қатынас шиеленісе түседі. Әрдайым өзінің артықшылығын дәлелдеу мақсатында басқа балаларды өзімен салыстырып отырады. Қарым-қатынаста ересектердің де, құрдастарының да оның пікірімен санасқанын, өзіне сыйластықпен қарағанын қалайды. Сонымен қатар, өзара қарым-қатынасында түсініспеушілік пен жанжалдарды болдырмаудың жолын табуды меңгеру арқылы баланың қарым-қатынас күзiреттiлiгi қалыптасады.

5-6 жаста сюжеттік-рөлдік ойындар өзінің кемеліне жетіп, толысады. Балалардың сомдауы арқылы жасалған адамдар арасындағы қарым-қатынас ойынның негізгі мазмұнын құрайды. Балалар 3-4 адамнан құралған тұрақты ойын бірлестігін құрады. Рөлдік ойындарда бала сомдап тұрған кейіпкерінің атынан басқа кейіпкерлермен сөйлеседі. Осылайша баланың мазмұнды сөйлеу тілі қалыптасады, рөлдік қарым-қатынастардың мәні ашылады. Қойылымдағы қимыл-әрекеттер ықшамдалып, баланы жалықтырмайтындай қысқа, рет-ретімен, орынды қойылып, сюжеттің мазмұны ашылатындай болуы керек. Осы жастағы балаларға не жайлы ойнағандықтарын білуге ұмтылу тән. Ертегі, кино, мультфильмдерден көріністер, ең бастысы, қоғамдық сюжеттер ойында басты орын алады.

Осы кезеңнің маңызды жаңалығы – мінез-құлық еркіндігі. Барлық психикалық процестер (қарапайымнан күрделіге дейін), қатынас жасай білу мектеп жасына дейінгі баланың негізгі іс-әрекеті – ойында дамиды. Мысалы, ойында рөл атқара отырып, бала ойын міндетіне барлық өзінің тезаралық, импульсивті әрекеттерін бағындырады. Ойын барысында бала, ересектердің тікелей тапсырмасын орындағаннан гөрі, зейіндерін жылдамырақ шоғырландырады, көбірек есте сақтайды. Балалармен ойнай отырып, олардың талап-тілектерін ескереді, келіспеушіліктерді шешеді, жаңа жоспар құрады және оны іске асырады. Басқа сөзбен айтқанда, қатынас жасай білуге үйренеді. Ауыстырғыш заттармен ойнай отырып, шартты кеңістікті көз алдына ойша елестетеді. Көз алдына елестетін кеңістіктегі әрекет практикасы шығармашыл қиялды дамытуға мүмкіндік жасайды.

Бұл кезеңнің жаңа құрылымы - мінез-құлықтың жаңа маңызды еркін түрі: мінез-құлықта импульсивтік және ашықтық пайда болып, тәртіп нормалары мен қағидаларында көрінеді, дегенмен де бұл кезеңде өзін-өзі еркін ұстай білу дағдысы әлі де қалыптасу сатысында болады. Алғаш рет «өзін қалай ұстау керек?» деген сұрақ туады. Бала санасында өз әрекетін реттеп отыратын өзін-өзі ұстау тәртібінің үлгісі құрылады. Сол үлгі арқылы

бала өз әрекетін реттеп отырады. Өз мүмкіншіліктерін, нені істей алатындығы мен істей алмайтындығын сезеді, өзгелермен қарым-қатынаста өз орнын біледі, өз әрекетін ғана емес, ішкі жан күйінің тербелістерін (қуаныш, реніш, қобалжу, толқу т.б.) де сезінеді, ересектердің талаптарын түсініп, өз пікіріне сай келсе саналы түрде орындай алады. Психологтердің пайымдауынша, бес жастан кейін олармен «келісуге», тапсырмалар беруге, оларды жаңа іспен қызықтыруға болады.

Рөлге бөлінетін ұжымдық ойын арқылы балалар іс-әрекетті жоспарлауға және жүйелілігін сақтауға, жағдайлардың демеуші ықпалын және қалыптасқан әсерлерін жеңуге қабілетті болады. Саналы әрекеттер жасау қабілеті пайда болады. Ересектердің іс-әрекеті, өзін-өзі ұстауы балаларға түсінікті бола бастайды.

Дәл осы кезеңде өзін-өзі ұстаудағы еркіндік бала психикасының дамуы мен жан дүниесінің қалыптасуының көзі болып табылады. Жалпы алып қарағанда бұл құбылысты сыртқы мінез-құлқын анықтай бастайтын баланың ішкі психикалық жан-дүниесі, ойындағы әрекеттер жоспары деп тануға болады.

Нақты мақсат қалыптаса бастайды. Бала нені қаласа, соған жетуге тырысады. Оның өзін-өзі ұстауы айналасындағы жағдайға байланысты емес, өз шешіміне қарай болады, өз ойымен іс-әрекет жасауға қабілетті. Осы құбылыстар баланың психикалық дамуында – қатынас, таным, еркіндік, мотивациялық салаларында көрініс табады және бекітіледі.

Дүниетанымдық түсініктері. 5-6 жастағы балалар қоршаған әлем мен өзі туралы тұрмыстық түсініктерді біледі. Күнделікті тіршілік түсініктері - бұл күнделікті сөйлеу тілімен байланысты ұғымдар. Осыған орай мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың түрлі дүниетанымдық мәселелер туралы өзіндік түсініктері бар. Жағдайдан тыс-тұлғалық қарым-қатынас пен сюжеттік-рөлдік ойындардың нәтижесінде ересектердің өзара қарым-қатынасы мен әлеуметтік жағдайы туралы баланың түсініктері қарқынды дамиды. Сөздік-қисынды ойлау қабілеттерінің дамуы кейбір түсініктердің нақты-бейнелі мазмұнының абстрактілі, ерікті салыстырмалы түрін жасайды. Бес жастағы кезеңде өзін ерекше бағалап, өзінің «мен»-ін жақындарынан да, достарынан да оқшау қояды. Бұл кезеңде бала жаны тез жараланғыш келеді. Сонымен қатар көптеген балаларда ашуланшақтық, ұялшақтық, ызақорлық, өзін-өзі көрсетуге құмарлық сияқты қасиеттер пайда болады. Ересектер бұл өзгерістерді дер кезінде байқап, тиісті шаралар қолданбаса, ол бала бойында өмір бойы сақталып қалуы мүмкін.

Баланың ойлау қабілеті. Ішкі психологиялық өмірі мен өзін-өзі реттеуінің қалыптасуы – танымдық салада бірқатар жаңа құрылымдардың пайда болуымен байланысты. Ең алдымен, бала ортақ түсініктер бойынша әрекет ету қабілетін меңгереді, оқиғалар мен құбылыстардың себеп-салдарлық қарым-қатынасын құра алады.

Бұл кезеңде баланың қоршаған әлемді түсінуге талпынысы артады және әлем туралы алғашқы түсінігінің жобасы пайда болады. Алайда, бұл қисынды түсінік емес, небәрі көрнекі-бейнелі ойлау ғана. Көрнекі-бейнелі

ойлау — ойлау қабілетінің кең тараған түрі. Ол тікелей затқа емес, сол заттың бейнесі мен баланың зат туралы түсінігіне бағытталған.

Ойлау қабілетінің бұл түрінің маңызды шарттарының бірі — ойын. Ойын арқылы балада бір затты екінші зат арқылы елестете білу дағдысы қалыптасады. Жаңа бейне жасау мүмкіншілігі туады. Бұл мақсатты осы кезеңнің маңызды құрылымдарының бірі — елестету арқылы іске асырады.

5-6 жаста сөздік-қисынды ойлау қабілетінің күрт дамуы байқалады. Сол арқылы балада көзге көрінбейтін заттар мен құбылыстар арасындағы байланысты түсіну қабілеті қалыптасады. Осылайша, өзі қолымен ұстап, көруге болмайтын заттар мен құбылыстардың байланысын бақылауына, түсінуіне мүмкіншілік береді. Нақты бейнелі ойлауға бағытталған түсініктен, қисынды шешім шығарып, оны сөз арқылы бейнелеуді меңгереді, оқиғалар мен құбылыстардың себеп-салдарлық қатынасын белгілей алады.

Ең бастысы, 5-6 жас кезеңінде бала психикасы қалыптасу мен даму үстінде екендігін естен шығармауымыз керек.

**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА
АРНАЛҒАН «БІРТҮТАС ТӘРБИЕ» БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БАҒЫТЫНДАҒЫ
ӨНІРЛІК ЖҮМЫС ЖОСПАРЫ**

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ОҚЫТУ ҰЙЫМДАРЫ ҮШІН				
Күнделікті атқарылатын іс-шара				
№	Іс шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімдері
1	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» - мектеп жасына дейінгі балалармен ұлттық ойындарды өткізу	Ұйымдастырылған іс-әрекет, дербес іс-әрекет, серуендер, мерекелік шара, мерекелер, ойын-сауық	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, дене шынықтыру нұсқаушысы, қазақ тілінің педагогі, әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес
2	«Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру	Өңгімелесу	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскері, мектепалды топ педагогі	Күнделікті
3	«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру, әзірлеу	Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын, танымдық, эксперименталдық іс-әрекеті Ата-аналарға арналған жадынамалар, нұсқаулықтар, парақшалар	Мектепке дейінгі ұйымның, мектепалды топ педагогтері, ата-аналар	Күнделікті Жыл бойы
4	«Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, кәдірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, шығармашылық дағдыларды қалыптастыру қабылдау барысында және үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру	Мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған, шығармашылық, дербес іс-әрекеті	Мектепке дейінгі ұйымның музыка жетекшісі, тәрбиешілер, мектепалды топ педагогі	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес

Апта сайын				
1	«Менің Қазақстаным» - мемлекеттік мерекелерге арналған ертеңгіліктерде ересек және мектепалды топтардың/мектепалды сыныптардың тәрбиеленушілерінің Қазақстан Республикасының Өнұранын орындауы	Мерекелік іс-шара	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, музыка жетекшісі, әдіскері, дене шынықтыру нұсқаушысы	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес
2	«Апта дәйек сөздері» - ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, дәліздерде теледидарларда орналастыру, мнемо кестелерде ойнату	Дәйексөздерді ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, дәліздерде, теледидарларда орналастыру	Мектепке дейінгі ұйымның басшысы, әдіскері	Жыл бойы
3	«Қауіпсіздік ережелері» - жол қозғалысы ережелерін, тұрмыстағы, қоғамдық орындардағы, табиғаттағы өмірлік қауіпсіздік негіздерін, төтенше жағдай кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету	Мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған іс-әрекеті Дидактикалық, сюжетті-рөлді ойындар, әңгімелесу, көркем шығармалар оқу	Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері, әдіскері, мектепалды топедагогі	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес
ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ				
1	1 қыркүйек - Білім күні «Балабақша - жайлы мекен»	Балабақпада экскурсия өткізу	Мектепке дейінгі ұйым басшысы, әдіскері, педагогтері	1 апта
2	«Болашақ бірінші сынып оқушысының мектебі»	Ата- аналар клубын құру	Мектепке дейінгі ұйым басшысы, әдіскері, педагогтері, ата-аналар	1 апта
3	«Тілім менің тірегім»	Мәнерлеп оқу конкурсы	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері, қазақ тілінің педагогі	1 апта
4	«Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Кітаппен жарқын әлемге»	Акция	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері, әдіскері, ата-аналар	2 апта
5	«SMART BALA» жобасы аясында «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам»	Құрастыру бойынша балалар іс-әрекеті (байқауы)	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері	3 апта
6	«Теңге алу», «Асық», «Кішкентай сатушы»,	Дидактикалық, ұлттық,	Мектепке дейінгі ұйым	3 апта

	«Дүкен», «Банк», ойындары - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту)	сюжетті-рөлдік ойындар	тәрбиешілері	
7	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»	Ұлттық ойындар	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері, дене шынықтыру нұсқаушысы, әдіскері,	2, 3 апта
8	Қауіпсіздік ережелері. Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілердің қозғалыс ережелерін сақтау. «Жаяу жүргіншілер жолы», «Бағдаршам», «Автобус аялдмасы» жол белгілерімен таныстыру	Дидактикалық, сюжетті-рөлдік ойындар	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері	Үнемі
ҚАЗАН – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ				
1	«Жас эколог» экологиялық жоба	Танымдық, эксперименталдық іс-әрекет	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес
2	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Бестемпе: «Татулық, бірлік ұраны!»	Балалармен, педагогтармен спорттық ойындар	Мектепке дейінгі ұйым дене шынықтыру нұсқаушысы, педагогтері	1 апта
3	«Қазақстан- Республикам менің!»	Мерекелік шара	Мектепке дейінгі ұйым қазақ тілі педагогі, музыка жетекшісі	3 апта
4	«Қамқор» жобасы аясында Қоғамға қызмет ету - волонтерлік қызмет	Акциясы	Ата-аналар қауымдастығын тарту	3 апта
5	«Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясында «Күзгі асар» жәрмеңкесі	Тәрбиеленушілер күзгі егіннің табиғи материалдары мен орман	Мектепке дейінгі ұйым басшысы, әдіскері, педагогтері, шарауашылық	4 апта

		табиғаттың көркем сыйларын пайдалана отырып ата- аналар мен бірге жасаған қолөнер бұйымдарынан жәрменке өткізу	меңгерушісі, ата- аналар	
ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ				
1	«Бағдаршам және біз»	Сюжетті-рөлдік, драмалау ойындары	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес
2	«Қоғамдық мүлікті қорға!» «Балабақша өз үйім»	Әңгімелесу	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері	Күні бойы
3	«Адалдық алаңы»	Мультфильм қарау	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес
ЖЕЛТОҚСАН – БІРЛІК ЖӘНЕ ҮНТЫМАҚ АЙЫ				
1	«Мен елімнің патриотымын!»	Мәнерлеп оқу байқауы	Мектепке дейінгі ұйым педагогтері, әдіскері	1 апта
2	«Зерек бала, ақылды ана!»	Зияткерлік ойыны	Мектепке дейінгі ұйым педагогтері, әдіскері Жас аналар мектебі	2 апта
3	«Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясында «Шырша ойыншықтары»	Тәрбиеленушілер қалдық және табиғи материалдарды пайдалана отырып ата- аналар мен бірге жасаған қолөнер бұйымдарынан жәрменке өткізу	Мектепке дейінгі ұйым басшысы, әдіскері, педагогтері, шарауашылық меңгерушісі, ата- аналар	2 апта
ҚАҢТАР – ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ				
1	«Айырмашылығын тап», «Бестемше», «Ақшаны жұмсауды үйренеміз», ойындары - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді <i>(заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп</i>	Дидактикалық, ұлттық, сюжетті-рөлдік ойындар	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері	1 апта

	<i>ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту)</i>			
2	«Менің құқықтарым, менің міндеттерім»	Әңгімелесу	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері, мектепалды топтары	2 апта
3	«Қамқор» жобасы аясында «Біз табиғат қорғаушылармыз!»	Танымдық, эксперименталдық іс-әрекет	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері	3 апта
4	«Қыста, құстарды тамақтандырайық» <i>(жемсауыт жасау)</i>	Челлендж	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілері, әкелер мектебі	4 апта
АҚПАН – ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҒАШЫЛДЫҚ АЙЫ				
1	«Ізденімпаз бүлдіршін» өнер тапқыштыққа алғашқы қадам	Танымдық, эксперименталдық іс-әрекет	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері	1 апта
2	Ұлттық ойындар «Ханталапай», «Сақина салу», «Ақ сүйек»	Ұлттық ойындары	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері	2 апта
3	«Жаңа өмір сыйлайық!»	Қалдық заттардан жасалған қол өнер бұйымдарының көрмесі	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері, аталар, әжелер мектебі	3 апта
НАУРЫЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ				
1	«Ізгіліктің бір ізі- алғыс» <i>(тәрбиеленушілердің, олардың ата – аналарының және педагогтердің қатысуымен)</i>	Челлендж	Мектепке дейінгі ұйым педагогтері	1 апта
2	«Ұлттық мәдениет- ұлттық киімдер»	Челлендж	Мектепке дейінгі ұйым педагогтері	1 апта
3	«Әкенің еңбегі- елге үлгі, ұрпаққа өнеге»	Ересектердің еңбегімен таныстыру бойынша ұйымдастырылған шебер-класс	Мектепке дейінгі ұйым педагогтері әкелер мектебі	2 апта
4	«Наурыз, той-думан!»	Мерекелік шара	Мектепке дейінгі ұйым педагогтері, әдіскері	3 апта
5	«Қамқор» жобасы аясында	Экологиялық акция	Мектепке дейінгі ұйым	4 апта

	«Су- өмір көзі» бейне роликтер байқауы		басшысы, әдіскері, педагогтері, ата- аналары	
СӘУІР – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ				
1	«Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Шын жүректен кітап сыйла», «Макалатура жинайық – ағаштарды сақтайық!» Халықаралық балалар кітабы күні	Челлендж	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері, ата-аналар	1 апта
2	«Қамқор» жобасы аясында «Түлектердің ағаш егуі»	экочелендж	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері, ата-аналар	1 апта
3	«Қоғамдық орында өзін-өзі ұстау мәдениеті» «Көңілді автобус», «Театр» және т.б	Сюжетті-рөлдік ойындар	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері	2 апта
4	«Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясында «Мамандықтар әлемі» «Сауда үйі», «Сән салоны», «Аспазшы», «Құрылысшы», «Ұшқыш», «Емхана», «Тігінші» «Техникалық қызмет көрсету станциясы» және т.б	Сюжетті-рөлдік ойындар	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері	3 апта
5	«Болашақ оқырмандар» <i>(мектеп кітапханасына саяхат)</i>	Кездесу	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері	3 апта
	«Әжемнің ғажайып ертегілері»	Жобалау іс-әрекеті	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері, аналар, әжелер мектебі	4 апта
6	«Құстарға ұя сыйлаймыз!», «Экологиялық фотогазеттер»	Акция	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілері, аталар, әкелер мектебі	4 апта
МАМЫР – БІРЛІК ЖӘНЕ ҮНТЫМАҚ АЙЫ				
1	«Достықтың кілті бірлікте!»	Сурет көрмесі	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері	1 апта
2	«Шебер әке»	Қол өнер байқауы	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері, әкелер мектебі	1 апта
3	«Шабьт» жобасы аясында	Ән байқауы	Мектепке дейінгі ұйым,	2 апта

	«Балалық шағымның жыр әні!» #Әншуақ хэштегімен «Tiktok» әлеуметтік желісіне жариялау		музыка жетекшісі, тәрбиешілері, тәрбиеленушілер	
4	«Батыл сарбаздар!»	Мерекелік шара	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері	2 апта
5	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!»	Акция	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері	3 апта
6	«Отбасылық таза ауадағы демалыс»	Отбасы күніне арналған апталық	Мектепке дейінгі ұйым ата-аналары	4 апта

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы МКҚК

«Үйдегі бала өмірінің қауіпсіздігі»
баяндама

№2 «Айгөлек» мектепалды тобы
2024-2025 оқу жылы

Тәрбиешідер: Исмагулова Ж.Ж.
Қиялова А.Б.

Ақтөбе қаласы

Үйдегі бала өмірінің қауіпсіздігі

Отбасы тәрбиесінің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, білімді азаматты тәрбиелеу. Бала да жас терек сияқты, қалай тәрбиелесең, жастан қандай тәрбие берсең, ертең есейгенде жас кезіндегі алған тәрбиесі өміріне негіз болмақ. Ата-ана бала қауіпсіздігін сақтауды ең бірінші орынға қою керек.

Көбінесе ата-ана жұмыста болып, бала үйде жалғыз қалатын кездер болады. Балаға техника қауіпсіздік ережелерін және мынаны ескертіп отыруы керек: үйде жалғыз қалғанда электр жүйесіне жақындамау, газ плитасына тиіспеу, терезені ашпау, бөтен кісіге есік ашпау, т.с.с. Ата-анасының әрбір ескертуін ұмытпай, ереже талабын бұлжытпай орындаған балалардың әр түрлі сәтсіздіктен аулақ болатыны шындық.

Құрметті ата-ана, балаларыңызды әр уақытта қараусыз қалдырмаңыз, үйдегі қауіпсіздікті сақтауда балаларыңызға үлгі болыңыздар. Егеменді еліміздің болашағы – балалар. Сондықтан бала өмірінің қауіпсіздігіне немқұрайлы қарамайық.

Үйдегі қауіпсіз орта

- Баланың жанынан барлық медициналық дәрілерді, от қауіпті заттарды, ыдыс-аяқ жууға арналған құралдарды және т.б. заттарды алып тастаңыз.
- Сәбидің ұсақ бөлшектермен ойнамауын міндетті түрле қадалағыңыз. Кішкентай балаларға әртүрлі заттардың дәмін білу үшін аузына апарады.
- Баладан жүзі өткір, үшкір және кесетін заттарды тығып қойыңыз.
- Үйдегі үстел бетінен дастарханды алып тастаңыз. Балалар алғаш қадам басып үйренген кезде жиі дастарханнан ұсталады. Сол мезетте үстел үстінде тұрған заттар баланың үстіне құлатып кетуі мүмкін.
- Пакеттер мен полиэтиленнен жасалған сөмкелерді тығыңыз. Балалар оларды басың кигенді жақсы көреді. Олар ауаның жетпей қалуына және баланың тұншығуына алап келуі мүмкін.
- Балалар есіктерді жауып, қолын қысып алудан сақтау үшін есіктерге арнайы бұғаттаушы орнатыңыз.
- Қораптар мен шкаф есіктеріне шектеулер қойыңыз, ол балаға оларды өздігінен ашуға мүмкіндік бермейді.
- Розеткаларға бітеуіш орнатуды ұмытпаңыз.
- Бала үйде жүгірген кезде құлап қалмауы үшін кілемнің екінші жағына сырғанауға қарсы жапсырмалар жапсырыңыз
- Жиындардың орнықты тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Зарарсыздандырғыш құралдар баланың қолы жетпейтін жерде сақтауы тиіс.
- Үйдегі улы өсімдіктер мен тікенегі бар өсімдіктердің жоғары тұрып, баланың қол жетпейтін жерде болуын қадағалаңыз.
- Бала терезені ашып, төмен құлап кетпеуі үшін терезелерге бекіткіш орнатыңыз.

-Бала жататын бөлмеде беті айна немесе шыны болып келетін заттардың санын мейлінше азайтуға тырысыңыз.

Баланың үйдегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша негізгі шаралар

Баланың үйдегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша кейбір шаралар үйдің түріне қарамастан әмбебап болады.

Мыналарға мән берген жөн:

- Мүмкін болса, барлық сымдар мен электр аспаптарын алып тастаңыз
- Кез-келген электраспапты қосу алдында балаңыздың тым жақын тұрмағанына көз жеткізіп алыңыз
- Терезелер 15 см артық (6 дюйм) ашылмас үшін шектегіштерді орнатыңыз. Әсересе, үйіңіз 2-ші қабатта және одан жоғары болса.
- Барлық электр розеткаларға қорғаныс қақпағын орнатыңыз және сымдарды тығып қойыңыз (бұл өте маңызды, сондықтан осы ұсынысты қайталау артықтық етпейді)
- Барлық тазартқыш құралдарды, дәрілерді (рецептуралық, рецептуралық емес), дәрумендерді және жұту кезінде балаға зияндық алып келуі мүмкін кез-келген басқа заттарды баланың қолы жетпейтін жерге жинап қойыңыз.
- Барлық дәрілер балалардан сақтау мақсатында қақпағы жабылатын банкілерде сақталсын.
- Шкафтарға (қауіпсіз заттар сақталатындарды да қоса есептегенде) қауіпсіздік құлыптарын орнатыңыз
- Баспалдақтар аралықтарын кедергі қақпақшаларымен, ал есіктер мен терезелерді баланың қолы жетпейтін жерде бекіткіштер және құлыптармен жабдықтаңыз
- Электрлік перделердің сымдары баланың қолы жетпейтін жерде болуы тиіс
- Құлап қалуы мүмкін кітап сөрелері мен биіктегі жабдықтарды қаттырақ (керегелік бекітпелерді қоса) бекітіп қойыңыз
- Бала тартып алып, үстінде тұған заттарды құлатуы мүмкін дастархандар мен майлықтарды пайдаланбаңыз
- Сәбиіңіз атасы мен әжесінің үйінде немесе балабақшада болғанда, олардың үйі мен аталған мекеме де қауіпсіздік құралдарымен жабдықталуы тиіс
Әрдайым есіңізде болсын: үйді қаншалықты қауіпсіз еттім дегеніңізбен, кішкентай зерттеушінің ұстап, қарап, зерттеп көрмейтін нәрсесі болмайды. Сондықтан – сақтықта қорлық жоқ!

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында
«Кітаппен жарқын әлемге»

№2 «Айгөлек» мектепалды тобы

2024-2025 оқу жылы

Тәрбиешілер: Исмагулова Ж.Ж.

Қиялова А.Б.

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында

«Кітаппен жарқын әлемге» акциясы

Кітапханаға саяхат



№41 «Назерке»бөбекжай-балабақшасы МКҚК

«Жанұяның әлеуметтік сауалнамасы» сауалнама

№2 «Айгөлек» мектепалды тобы
2024-2025 оқу жылы

Әлеуметтік педагог

Ақтөбе қаласы

«Әлеуметтік карта»

№2 «Айгөлек» мектепалды тобы

2024-2025 оқу жылы

Психолог А.Қ. Айжанова

Әлеуметтік педагог: А.Бауыржанқызы

Ақтөбе қаласы

Жанұяның әлеуметтік жағдайын анықтау сауалнамасының қорытынды парағы
2024-2025 оқу жылы

№ 2 «Айгөлек»	Жалпы бала саны	Аз балалы отбасы	Көп балалы отбасы	Қамқорлыққа алынған бала саны	Ата-ананың										Жеке тұрғын үй			Балалардың балабақшадан тыс мекемеге қатысуы.		Отбасы құрамы		Отбасы жағдайы				
					Жасы					Білімі					Пәтер бар	Жалдамалы пәтерде	Ата-аналармен бірге	Қатысады	Қатыспайды	Толық	Толық емес	Жақсы	Орташа			
					Әке 22		Ана 22			Әке 22		Ана 22														
20-25	26-35	36-45	46-55	20-25	26-35	36-45	45-55	Жоғары	Арнаулы орта	Орта	Жоғары	Арнаулы орта	Орта													
22	68%	32%	-	5%	54%	36%	5%	14%	63%	18%	5%	50%	50%	-	64%	36%	-	64%	-	36%	32%	68%	95%	5%	90%	10%

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақша әлеуметтік педагогы: А.Б. Мәмбетова

«Қарттарым-асыл қазынам!»

қабырға газеті

№2 «Айгөлек» мектепалды тобы

2024-2025 оқу жылы

Тәрбиешілер: Исмагулова Ж.Ж.

Қиялова А.Б.

«Қарттарым-асыл қазынам»

қабырға газеті

1 қазан Халықаралық қарттар күні. Қарттар күніне ата-аналар мен балалар бірігіп, жұмыстар жасалды. Ата-әжелеріне сый ретінде қабырға газеттерін шығарды. Жаттаған өлең-шумақтарын айтып берді. Қабырға газеттері балабақша қабырғаларына ілініп, инстаграмға шығарылды. Ата-әжелері риза болып, баталарын берді.

Қарттарымыз аман болсын. балапандар қарттардың бата, тілектерімен тамырлары жайылып, өркендеп өсе берсін деген тілекпен жалғасты.

«Қарты бар үйдің –қазынасы бар» деген дана халқымыздың нақыл сөзін айта отырып, қарттарымызға амандық, денсаулық тілейміз.

«Қарттарым-асыл қазынам»

қабырға газеті



«Қамқор» жобасы
Қоғамға қызмет ету-волонтерлік қызмет
ата-аналар қауымы
№2 «Айгөлек» мектепалды тобы
2024-2025 оқу жылы

Тәрбиешілер: Исмагулова Ж.Ж.

Қиялова А.Б.

«Еңбегі адал-жас өрен» жобасы
«Күзгі асар» бірлескен жұмыстар жәрмеңкесі

№2 «Айгөлек» мектепалды тобы

2024-2025 оқу жылы

Тәрбиешілер: Исмагулова Ж.Ж.

Қиялова А.Б.

«Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясында
«Күзгі асар» жәрмеңкесі

(Тәрбиеленушілер күзгі егіннің табиғи материалдары мен орман т абиғаттың көркем сыйларын пайдалана отырып ата- аналар мен бірге жасаған қолөнер бұйымдарынан жәрмеңке өткізу).

«Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясында «Күзгі асар» жәрмеңкесі ата –аналар мен балалар бірлескен

жұмысынан көрмесі әр түрлі заттардан, кепкен табиғи заттардан, көкөніс, жемістер т.б табиғи материалдардан жасалынды.

Көрмеге ата-аналар әртүрлі табиғи материалдардан Жеміс , бау бақша бақтары, дәндерден гүлдер, қарбыз сыртынан себеттегі жемістер т.б. бейнелер жасалынып, көрме қойылып

балаларға жәрмеңке ұйымдастырылды.

Топтың ата-аналары белсене араласты. Атап айтсақ, Теңізов Мадияр, Айдархан Ахмед Али, Жеңісбек Айкөркем, Ықтияр Медина,

Серік Айбибі, Қылышбек Нұрмұхаммед, Ғазиз Іңкәр, Абенова Аяла, Әділбек Инжу, Жанболатұлы Рахымжан,

Аскаров Айдос, Серік Сая т.б. балалардың ата-аналарымен жасаған жұмыстары көздің жауын алды. Инстаграмм парақшасына видеоролик жасалынып салынды. Әсіресе Ықтияр Медина мен

Айдархан Ахмед Али жұмыстың жасалу жолын көрсетіп видеролик дайындапты. Инста парақшаға салынды.

Белсене араласып қатысқан ата-аналар мен балаларға алғысымызды білдірдік.

**«Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясында
«Күзгі асар» жәрменкесі
Ата-аналармен бірлескен жұмыстары
№2 «Айгөлек» мектепалды тобы**



Ата-анамен жұмыс
«Отбасы және тәрбие»

№2 «Айгөлек» мектепалды тобы
2024-2025 оқу жылы

Тәрбиеші: Исмагулова Ж.Ж.
Қиялова А.Б.

Ақтөбе қаласы

Тақырыбы: «Отбасы және тәрбие»

Слайд-призентация

Мақсаты: Отбасындағы тәрбие- өте маңызды рөл атқаратындығын көрсете білу, бала тәрбиелеуде алдымызда тұрған сұрақтарға жауап іздеу, Балабақша мен ата-ана байланысын нығайту, жұмыс жүйесін жақсарту мақсатында “Біртұтас тәрбие” бағдарламасын жүзеге асыруда, ата-ананың, баланың оқу- тәрбиеге қатысты жауапкершілігін арттыру.

Көрнекілігі: «Отбасы және тәрбие» слайд, жапырақтарда ілулі балалар суреттері, «Бестемше» ойыны құралдары, зергерлік бұйымдар (гүл бейнесін) құрастыру суреттері.

Жоспар:

- 1.Балабақша ішілік тәртіппен таныстыру. Меңгеруші: А.Г.Уртамбаева
- 2.«Балалардың жас ерекшелігіне сипаттама» баяндама А.Б.Қиялова.
3. «Отбасы және тәрбие» слайд Ж.Ж.Исмагулова.
- 4.“Бала үйде жалғыз қалғанда...” балалар қауіпсіздігі А.Б.Қиялова, Ж.Ж.Исмагулова
5. Медбике кеңесі. «Педикулез», «Қышыма», «Дерматикоз» З.Т.Бурханова
6. «Әлеуметтік карта» сауалнама , психолог: А.Айжанова

Сұрақтар:

« Мен балама дұрыс тәрбие бердім бе?» « Ол берген тәрбиемді біліммен ұштастыра алам ба?» деген сұрақтар көкейімізде жүреді. Бала тәрбиесі – күрделі үдеріс. Жас ұрпақты жан- жақты жетілген, ақыл- парасатты, ой- өрісі биік азамат етіп тәрбиелеу- қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. Отбасы- адамзат бесігін тербеткен ұя болса, « Баланың бас ұстазы- ата-анасы», « Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі», « Әкеден ақыл, анадан мейір алады», Ата- анаға баладан жақын ешкім жоқ, сондықтан да баласының әдепті, білімді болып өсуін армандайды. « Күллі ғажайыптардың ішіндегі ең тамашасы- жақсы тәрбиеленген адам» деген болатын грек философы Эпикет. Бала әр ата-ананың болашағы. Ол оның өмірінің жалғасы.

Бала деген кім? (слайд)

1. Бауыр етіміз
2. Болашағымыз
3. Үмітіміз
4. Сүйенішіміз
5. Өміріміздің жалғасы
6. Ізбасарым
7. Мұрагерім
8. Көмекшім
9. Ақылшым т. б.

Біздің ұрпағымыздың күтеріміз көп. Олай болса тәрбие үрдісінде баламыздың жат қылықтардан аулақ болуын қадағалауымыз керек.

Жағымсыз мінез деген сөзге мән беріп көрейік. (слайд)

Ата-аналар жауабы:

1. Еріншектік ;
2. Жалқаулық ;
3. Сараңдық ;
4. Мақтаншақтық ;
5. Күйгелектік ;
6. Қызғаншақтық т.б.

Біздің балаларымыздың адамгершілік, моральдық бейнесі әр уақытта көңіліңізден шыға бермейді. Күнделікті өмірде ашуланшақ, әдепсіз балалар кездесіп жатады. Бала өзінің болашағы екенін ұғынатын әр ата-ана өз баласына кө көңіл бөлуі қажет. Меніңше, әрбір баланың іс-әрекеті, тәрбиесі отбасында ата-ананың жағымды өнегесінен қалыптасады. Сондықтан баланың бас ұстазы ата-ана. Ата –ана өз баласының тәрбиесі үшін ел, халық алдында жауапкер. Олай болса әрбір ата-ана өз балаларының парасатты, білімді азамат болып өсіуіне қам жасаулары керек. Кейбір ата-ана баласына «Әдепті бала бол, үлкенді сыйла» деп ақыл айтады. Ал өздері темекі шегіп, арақ ішіп, үй ішінде қарт ата-әжесіне дөрекі сөйлеп, бетінен алып ренжіседі. Гректің ертедегі ойшылы Питайк «Өзің ата-анаға не істесең, балаңнанда соны күт» деген екен. Үйдегі сол тәрбиені көріп өскен бала өз ата-анасына не сый көрсетпек?

Топқа пікір тастау

Сұрақтар қою:

- Баланы еркін тәрбиелеген дұрыс па?
- Баланы қатаң тәрбиелеген дұрыс па?
- Қайсек ұлымыз ұлағатты, қызымыз инабатты болады?

Әрбір бала дара тұлға. Бала тәрбиесінде ата-ана балаға қысым көрсетуден, бала көзінше дөрекі сөйлеуден, жат қылықтар көрсетуден аулақ болу, үлгі болуы керек. Сонда ғана білімді, жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелей аламыз.

Бақытты жанұяның моделін құру:

1. Сыйластық
2. Мейрімділік
3. Өзара түсінушілік
4. Татулық
5. Сүйіспеншілік
6. Денсаулық

«Жалғасын тап» ойыны:

1. Баланы қолдап отырса..... өнер-білімге деген ынтасы артады;
2. Егер баланы үнемі сынап отырса..... , іс-әрекетке құлқы болмайды;
3. Балалға . сенім артса ,... ол батыл болады;
4. Бала кекшілдікте өссе..... ол қатыгез болып өседі;
5. Бала төзімділікте өссе..... адал болып жетіледі.

Ата-ана тәрбиеші көзімен:

Ситуациялық сұрақтар:

1. Анасы автобуста баласымен келе жатты.

Бала: Анашым, апай маған ұрысты деді.

Анасы: Апай ма? Ертең балабақшаға барып жанын шығарам.

Сіздің ойыңыз осы тұрғыда қандай?

2. Әр мекеменің ішкі тәртібі бар және ережесі бар. Сіз сол тәртіпке көнесіз бе?
3. Сіздің балаңызға балабақшада бір жағдай болды делік, сіз оны мәдениетті түрде қалай шешер едіңіз?

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында

Әр айдың күнделікті, апта сайын жүргізілетін іс-шаралары

Күнделікті

- «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.
- «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез- құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.
- «Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу
- «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңда

Апта сайын

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші ұйымдастырылған іс-әрекетте білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды
- «Апта дәйексөздері» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.

- «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу

Қорытынды:

«Ханталапай» ойыны

«Зергерлік бұйымдар» гүл бейнесін құрастыру. Ата-аналардың қорытынды тілек сөздері.

«Отбасы және тәрбие» ата-аналар жиналысы

Балабақша ішілік ішкі тәртіп ережелерімен таныстыру. Меңгеруші сөзі.

Медбике кенесі



«Отбасы және тәрбие» ата-аналар жиналысы
«Гүл құрастыру» «Ұлттық зергерлік бұйымдар»



«Отбасы және тәрбие» ата-аналар жиналысы

«Ханталапай» ойыны



«Отбасы және тәрбие» ата-аналар жиналысы

«Баллардың жас ерекшелігіне сипаттама» баяндамасы

